

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘТІН КЕН ОРЫНЫНДА ЖЕТЕ БАРЛАУ ЖҮРГІЗУ, ОНЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕ "МУНЕКС ОЙЛ АГ" КОМПАНИЯСЫМЕН (ШВЕЙЦАРИЯ) ӨНІМДІ БӨЛІСУ ШАРТЫМЕН (ПРОДАКШН ШЕРИНГ) КЕЛІСІМ ЖАСАСУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 15 ақпан N 187. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің 1995.09.13. N 1257 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын қамтамасыз ету туралы" 1993 жылғы 12 мамырдағы N 382 қаулысын жүзеге асыру шеңберінде "Ембімұнай" өндірістік бірлестігінің қатысуымен әзірленген және республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісіп, Атырау облысының әкімі ұсынған Атырау облысының Мәтін кен орынында жете барлау жүргізу мен оны әзірлеу және мұнай өндіру жөнінде "Мунекс Ойл Аг" компаниясымен (Швейцария) өнімді бөлісу шартымен (продакшн шеринг) келісімінің жобасы мақұлдансын.

2. Атырау облысының әкімі мен "Ембімұнай" өндірістік бірлестігіне аталған келісімге қол қойып, Қазақстан тарапынан Басқарушы комитетке өз өкілдерін тағайындау тапсырылсын.

3. Осы аталған қаулының 1, 2-тармақтарын орындау мақсатында қазақ тарапының мұнай кірісінің 50 процентін республика ішіндегі бағамен Атырау облысының әкімі өткізетін болсын.

4. Осы аталған қаулының 3-тармағын орындау мақсатында қазақ тарапы мұнай кірісінің 50 проценті мемлекеттік өнім беруді орындауы үшін "Ембімұнай" өндірістік бірлестігіне есептелетін болсын.

5. Роялтидің 50 проценті - Атырау облысының әкіміне, 50 проценті " Ембімұнай" өндірістік бірлестігіне бөлінсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Атырау облысының әкімімен бірлесе отырып, осы аталған келісім бойынша салықтардың бөлінуі және салық салуды құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін пысықтап, 1994 жылдың 15-наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізу тапсырылсын.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары

министрлігіне, Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттікке жасалған Келісімді жүзеге асыру барысында республика мүддесінің сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

8. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары "Мунекс Ойл Аг" компаниясын жоғарыда аталған Келісім шеңберінде барлық тиісті лицензиялармен және рұқсаттармен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК